

МАЗМҰНЫ

КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ҒАЛЫМ-ЭТНОЛОГ ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКТИҢ ТУҒАНЫНА 85-ЖЫЛ

Айтаханов Е.Қ.- ҚҰТТЫҚТАУ.....	3
Нұсқабайұлы Ж.-ҚАЙЫРЛАСУ.....	4
Назаров Н.-ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН.....	7
Жантемір қажы Алимов-ТҮРКІСТАНҒА ЕҢБЕГІ СІҢГЕН АЗАМАТ.....	11
Ергөбек Қ.С.—ӨЛМЕС ІСІ ӨНЕГЕ.....	14
Адырбек Б.С.-«НАУРЫЗ» МЕРЕКЕСІН ХАЛЫҚҚА ҚАЙТА ҚАУЫШТЫРУДАҒЫ ЖӘНЕ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА ТАРИХИ БАҒА БЕРУДЕГІ Ө.ЖӘНІБЕКТИҢ РӨЛІ.....	19
Қасымов М.Ө.-ҚАЗАҚТЫҢ БІРТУАР АСЫЛ ПЕРЗЕНТІ.....	28
Сыпатайқызы З.-ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МУЗЕЙ МҰРАЛАРЫ.....	31
Күзембайұлы А.-ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК-ТАРИХ ҚАМҚОРШЫСЫ.....	36
Ілиясқызы Р.-РУХАНИ АҒА.....	39
Елтебаева Г.-ТАҒЫЛЫМДЫ ҒҰМЫР.....	46
Жораева Г.Т.-ВКЛАД УЗБЕКАЛИ ДЖАНИБЕКА В ВОЗРОЖДЕНИЕНАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕОЛОГИИ КАЗАХСТАНА.....	48
Серім А.А.-ЖЕКЕ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ Ө.ЖӘНІБЕК ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ.....	53
Мүңсызбаева Г.-Ө.ЖӘНІБЕК-ҰЛТ ҰСТАЗЫ.....	58
Касенова Р.-ӨЗ-АҒАҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН МҰРАЖАЙ.....	63
Данияров Б.-Ө.ЖӘНІБЕК ЖӘНЕ МҰРАЖАЙ.....	70
Байжігіт Ғ.Б.-Ө.ЖӘНІБЕК МУЗЕЙ ІСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ.....	73

ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ-ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ СЕКЦИЯСЫ

Ералин Қ.,Есеналиева Д.-КӨШПЕЛІ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ КӨРМЕСІ.....	77
Жұмашова А.А.-КӨЗ ҚОНДЫРЫЛҒАН ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАР.....	79
Ахмет М.А.-ҚАЗАҚТЫҢ-ШИ ОРАУ ӨНЕРІ.....	85
Ырсымбет.Н.-ҚАЗАҚ ҚАСТЕРЛЕГЕН ҚАМШЫ.....	89
Маябасова Г.Ж.-САЛТ-ДӘСТҮРІМІЗДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚАЗЫНА-ТҰСАУ КЕСЕР.....	93
Байболов Б.-БІР ЖӘДІГЕР-БІР ТАРИХ.....	96
Кемелова Қ.Ш.-ЗЕРГЕРЛІК-БІЛЕККЕ САЛАТЫН ӘШЕКЕЙ АТАУЛАРЫ.....	101
Сағынтаев Б.Ж.-ТОРҒАЙ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ ӨКІЛДЕРІНІҢШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС.....	107
Қайықбаева А.-ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ.....	116
Есмырза Ұ.А.-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫМЫЗДЫҢ ТӨРІНДЕГІ ТӨСЕК АҒАШ ЖАЙЛЫ.....	120
Нұрланбекова Р.Б., Жарылқасын Р.-КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАРИХЫ.....	124

кеңдейі жақсы екенін ұғатын болған. Құдағи жүзік тағу сыйластықтың, типаттың, құрметтің белгісі болған. Оны қыздың шешесі сыйластықтың белгісі ретінде келінін өз қызындай тәрбиелейтін құдағиына тағатын болған. Батыс Қазақстанда жүзік бетіне шыны, ақық, көздер орнатылғаны көп кездеседі. Оңтүстік Қазақстанда маржан, шыны көздер орнатылғаны көп кездеседі. Солтүстік Қазақстанда ақық көздер орнатылғаны, көзтана орнатылғаны көп кездеседі. XIX ғ. тән күмістен жасалған күміс белдік те ерекше көз тартады. Оның шеті иректеліп, басына жаңа ашылып келе жатқан шұқа қауызына ұқсас өрнек салынған. Шынайы өнер туындысына айналған зергерлік әшекей бұйымдардан басқа да тұрмыста тұтынатын әр түрлі мүдіктерден зергердің еңбегін көруге болады, олардың бір парасы мынау: себеже, тұғыр, пышақ, құман, ер тоқым.

Халық таланттары қалдырған XVIII-XX ғ.ғ. тән зергерлік бұйымдарға қарасақ олардың безендірілуінде ежелгі және ортағасырлық кезеңдердегі зергерлік бұйымдармен ұқсас жақтары бар екені анықталады.

Ұлттық мәдениетіміздің тарихында зергерлік өнер ерекше орын алады, оны халық халықтар жоғары бағалаған. Тарихи мұражайлардағы алтын мен күмістен т.б. металдардан жасалған зергерлік бұйымдар халықтық мұра, зергерлер бойғы халық мәдениетінің көрінісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байбосынов К. Жамбыл өңіріндегі тас мүсіндер.-Алматы: Өнер, 1996. -22 б.
2. Рашид ад-Дин.Сборник летописей. Пер.А.А. Хетагурова М., -Л, 1952, Т.1 кн.1,
3. Ақышев К. Ертедегі ескерткіштер елесі. Алматы, 1976. 9 б.
4. Галимжанова А.С. Глаудинова М.Б. Кишкашбаев Г.А. и др. История Искусств Казахстана. -Алматы: Издат Маркет, 2006. -24 с.
5. Байпақов К. Ежелгі және ортағасырлардағы Отырар. -А: Қазығұрт 2007.-171 б.
6. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. -Алматы: Аруна, 2005. -41 б.

ҚАЗАҚТЫҢ ШИ ОРАУ ӨНЕРІ

АхметМ.А.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайының
Этнография ғылыми-зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкері

Резюме

В этой статье говорится и изучается об особенностях изделия из циновки из фондов музея и сравниваются орнаменты, различии циновки из других регионов Казахстана.

Summary

In this article it is told and studied about features a product from mat from funds of the museum, and ornaments, distinction of a mat from other region of Kazakhstan are compared.

Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің ішінде ерекше көзге түсетін және сәндік нақышқа толы түрі-бұл ши тоқу өнері.Тарихы терең осы бір ғажайып өнердің мәні мен атқарар қызметі зор. Ши тоқу-бұрын және қазіргі кезде қазақ халқы мен Орта Азия халықтары арасында кең тараған сәндік-қолөнер түрі. Қазіргі келген қолөнердің шығармашылық ізденіс екені ақиқат. Ал табиғатта кездесетін әр дүниені өз керегіне жарата білу, тіпті қу шидің өзін пайдасына пайдаланып, оның күнделікті тұрмыста, шаруашылықта орнын айқындап, мәні мен маңызын аша білу ата-бабаларымыздың тек біліктілігінің ғана емес, сондай-ақ

шеберлігінің де арқасы деп түсінген жөн. Киіз үйдің ішін әсемдеуде шидің алатын орны ерекше болған. Неше түрлі сырмен боялып, сағанақтары күмістендірілген кереге көздері мен құлпырған құр таңғыштарға, термелеп өріп, жібекпен шашақтаған уық бауларға, зермен кестелеп шұғамен оюлаған туырлық пен үзіктің ішкі өрнектеріне ши жалпы түр беру ретінде өте үйлесіп-ақ тұрады. Ши бұйымын жалпы сырт көрінісіне қарай үш түрге бөледі: ақ ши, ораулы ши, шым-ши (шымораулы ши). Халық қолөнерінің шеберлері сол жоғары айтылған өрнектелген шилерді қанат шилер деп атайды. Қазақ арасында осы ши түрлерінің әрқайсысы орын-орнымен қолданылады. Мәселен, ақ шиді оралмай, құр өзі тоқылатын болғандықтан көбінесе киіз басуға, өре жаюға, сүзгіге, шыптаға мал сойғанда, еттің астына салуға, сырғауыл салынған үйдің төбесіне жабуға ұстайды. Ал өне бойы түгел оралған өрнекті шиді шым ши дейді. Оны киіз үйге, ас-су, ыдыс-аяқ тұратын жерге қоршау етеді. Кейде оны түскиіз орнына да ұстайды. Өн бойы тұтас емес, әр жерінен аралатып оралған шиді ораулы ши дейді. Ши тарту, оны аршу, орау, жүн орап тоқу науқан сияқты, ауыл азаматтарының бәріне ортақ жұмыстар.

Ши тартуға ауылдың қыз-келіншектері мен жігіттері жиналып, орталарынан соятын қойын, қымызын дайындап, домбыра, қобыз алып, ұйымдасқан түрде кірісетін. Қазақтың «ши тарту биі», «ши шымылдык» дейтін ұлт ойындары содан қалған.

Ши тоқылатын қамыс мал аяғы баспаған жерден, күзгі уақытта әбден бойлап өскен кезде таңертең, кешке немесе жаңбырдан кейінгі шың кеппей тарту керек. Мұндай кезде жер жұмсақ, ши суырылғыш келеді. Әзірленген шидің қабығын аршып, бумалап, көлеңкеге кептіреді де, өрнектеп орайды. Ши ораудың екі әдісі бар. Біріншісі — тоқулы тұрған даяр шидің өрнегіне салып отырып орау;

Екіншісі—жаңа өрнек суретінің үлгісімен тоқу. Шиді бірінші әдісімен тоқу үшін оларды бір-бірлеп тоқылған даяр шидің өрнегінің үстіне салып, дәл келтіріп, әр түсті оралған шидің буындарын, санап отырып орайды. Осылай ораған шилерді араласып кетпеу үшін өрнегіне сәйкес келтіріп, өз алдына бөлектеп шуда жіппен тізіп отыру керек. Шиді жаңа өрнек суретімен тоқудың айтарлықтай өзгешелігі болады; алдымен шиді орайтын үлгі жасалуы тиіс. Орайтын жіптердің түсі осы үлгідегі өрнектер суретте сәйкес болуы керек. Ши тоқу үшін ашасы бар екі ағашты белгілі қашықтықта тік қадап, екі ашаға көлденең ағаш қойып, арнайы жасалған қарапайым станок пайдаланылады. Станоктарды киіз үй ішіне немесе жабық бастырма астына орнатады. Ашаның үстіне қойылған, арқалықтың биіктігі 120—130 см түрегеліп тұрып тоқуға ыңғайлы болғаны абзал. Өйткені, көбінесе қойдың қоңыр жүнінен иіріп, тас немесе басқадай салмақты зат байлаған және бір-біріне қарама-қарсы орналасқан екі жіптің екеуін екі қолмен ұстап тұрып, кезекпе-кезек қарсы бағытта сырықтың үстінен асырып отырады. Ондай жіптің арасы 10-15 см болады да, саны жиырма-отыз шамасындай болуы мүмкін. Сөйтіп, көлденең сырықтың үстіне қойылған бір ши бастан-аяқ байланып болған соң екіншісі қойылады, осы тәртіп ши тоқылып біткенше қайталанып

отырады. Алғаш тоқи бастағанда төрт шиден қабаттап бекіту шарт емес, оны үш шиден де крест салып байластыруға болады. Мұны ши тоқушылар «шыбын кенат» деп атайды. Тоқылған шидің алғашқы бастамасы мен соңғы аяқталу кезеңінде шамамен алғанда 20-40 см болуы керек. Өйткені шидің екі шеті қалың болып, тез тозып қалмауына себебі тиеді. Ши тоқушылар тоқылған шидің бұл бөлігін «қарақұс» деп атайды. Шиді байлау үшін қарақұсқа бекітілген бауды «шибау» деп атайды. Ал кереге сыртынан бір босағадан екінші босағаға дейін шиді айналдыра тұтуды «ши ұстау» деп атайды. Ши бетіне өрнекті қыздырылған сым темірмен немесе алдын ала ши шыбықтарын жерге жайып тастап, соның бетіне желіммен түсірген. Шым шидің түсі көбінесе қызыл болып келеді.

Ол ұлттық символды айғақтайтын от пен күннің түсінен алынған, ерлік пен күш-қуатты, байлық пен молшылықты білдіре отырып, пәле-жаладан қорғайды деген сеніммен қалыптасқан. Қызыл түсті бояуды риян шөбінің шайырынан алып, бұдан да қызыл қанық түсті бояуды ит жүзімінен алған. Қызыл түстің әртүрлі реңін шығару үшін анардың кепкен қабығын, жаңғақ ағашының жапырағы мен жемісінің қабығын, емен мен алшаның қабығын, жас ағашының жапырағы мен өркендерін пайдаланған. Ал сары түсті алу үшін алма, шибдалы, өрік ағаштарының қабығын, сары ағаштың бұтақтары мен пияздың қабығын пайдаланған. Қабықтарды күздігүні жинап қол диірменге тартып не желіге түйіп ұнтақтап қайнатады. Шеберлер, қайнауына қарай, бояуынан алынған ұнтақтарды сүзіп алып тастап, қалған сұйықты одан әрі қайната беру арқылы оны қоюландырған, кейде порошок түріне келтірген. Мұндай бояуды бояуға ашудас, мұсатыр, тотияйын, тұз, қарағайдың шайырын қосатын. Міне, осындай өсімдіктерден алынған бояулардың маңыздылығын сол кездегі шеберлердің тәжірибесі мен шығармашылық шарықтауын арттыра отырып ал қазір химиялық жломен дайындалған бояуларды пайдаланатын болған.

Өрнектеп шым ши тоқуда, негізінен, оюдың композициялық қарастырылуының маңызы ерекше. Бұл саладағы қазақ шеберлерінің қолданып отырған қазіргі барлық ою түрлерін композициялық жағынан: толық, жекелеген және тұтас ою, бір беткей ұзындық ою (компоненттері бойлай да, көлденең де ұзындықтағы ұзындық ою) болып бөлінеді. Шым ши тоқу өнерінде кездесетін оюлардың ішіндегі жоғарыдағы аталған жекелеген және тұтас ою түрлерінің бірі «шаршы ою» деп те атайды. Оған белгілі геометриялық фигурадағы төрт бұрышты, дөңгелек, үшбұрышты, тағы басқа көп бұрышты оюларды қолдануға болады. Олар шым шидің бетін тұтас сәндеуге қолданылады. Тұтас беті өрнектелген шым шиді түскиіз орнына да ұстайды.

Халықтық шығармашылықта аймақтық ерекшеліктердің өзіндік орны бар. Шым шидің жалпы сыртқы кескіні бір-біріне ұқсас болғанымен түр-түсі мен композициялық шешімі жағынан бір-бірінен айтарлықтай өзгешеленеді. Мысалы; Ақтөбе, Қостанай облысында өрнекті шым ши дәстүрлі түрде жасалған. «Қошқар мүйіз», «қос мүйіз», «сыңар мүйіз» өрнектерін жасап отырып, біріктірілген үш қабатты екі қиықша композициясын құраған

болса, Алматы, Жамбыл облыстарында кездесетін шым шидің бетіндегі алуан түрмен боялған қой жүнінен шиге орау арқылы өрнектелген «егіз жұп» өрнегі дүниедегі заттың бәрі егіз деген философиялық ойды білдіреді.

Жетісу өңірінің бұйымдарына қатаңдық, орнықтылық, көлемділік, мүйіз, сыңар мүйіз сияқты геометриялық өрнектер, көп қабатты қиықшалардың ішіне салынған балдақ өрнегі тән. Ал Оңтүстік өңірінде қошқар мүйіз, сыңар мүйіз, арқар мүйіз өрнектерімен өрнектеліп, неғұрлым жұмыр, еркін өрнектері сарындарымен ерекшеленеді.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қызметкерлері қолөнер шеберлерінің жасаған бұйымдарын зерттеу мақсатында бірнеше рет этнографиялық экспедициялар ұйымдастырды. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Шеңгелді, Көксарай, Қоғам, Ақтөбе, Шытты ауылдарында, Арыс ауданының Аққала, Жиделі, Көкжиде, Байыркұм ауылдарында, Шардар ауданының Қызылқұм, Қазақстан, Қоссейіт, Сүткент, Достық елді мекендерінде сондай-ақ Қызылорда облысы Қармақшы аудандарында өткен этнографиялық экспедиция барысында қолөнер шеберлерінің асыл мұраларын сақтап, қазіргі заманға дейін алып келуші өнер иелерінің еңбектері жайында деректерді зерттеп, жазып алды. Еліміздің түпқазығы болған асыл мұраларымызды сақтап оларды болашақ ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз болып саналады.

Отырар музейінің қорындағы көркемдік дәрежесі биік, әрбір жәдігерлер жергілікті жердің ерекшелігін білдірумен қатар, жеке автордың қолтаңбасын айқын танытатын өнер туындысы болып саналады. Міне, осындай көркемдік деңгейі жоғары тоқылған жәдігердің бірі- шилердің бірнеше түрлерін музей қорынан кездестіре аламыз. Жинақтамадағы шым шилер мұражай қызметкерлерінің ел арасынан арнайы ұйымдастырылған экспедициялар барысында жинақталған. «Ел іші-өнер кеніші» дегендей ұлтымыздың қолөнерінің қаймағын бұзбай қазіргі кезге дейін жеткізіп, өзінің өнерін кейінгі ұрпаққа өнеге етіп үйретіп отырған, он саусағынан өнері тамған ісмер шебер әжелеріміз бен ақ жаулықты аналарымызды ел арасынан әлі де кездестіреміз. Осындай қолөнер шеберлерінің бірі Отырар ауданы Ақтөбе ауылының тұрғыны Қаратаева Қалдықыз апа түкті кілем, тақыр кілем, текемет басып, сырмақ сырумен ши тоқумен айналысқан. Осы апаның біздің музейге сыйға тартқан ТК-10181 нөміріндегі мына бір керемет тоқыған шым шидің тоқылу техникасы, композициясы жағынан бетіне тұтастай омыртқа өрнегіне түрлі-түсті бояуды қайталай отырып, екі қиықшаға арқау қылып, белгілі бір ырғақ ұстанымын қолдана отырып тоқыған. Жалпы композицияның бұл түрі Қазақстан аумағында көптеп тараған. Келесі бірі осындай жүнді ақ шиге орау арқылы тоқыған ТҚ – 10008 нөміріндегі көлемінің ұзындығы - 5 метр, биіктігі - 1,5 метр шым шиді керегенің сыртынан бір босағадан, екінші босағаға дейін айналдыра тұту үшін пайдаланған. Бұл шидің композициясының басқалардан ерекшелігі өте қарапайым тоқылғандығында. Шебер ақ пен қараны және қызыл түсті қолдана отырып, ортасына қошқар мүйізбен, екі жанына мүйіз өрнектерін түсіріп, өте тиянақты тоқыған. Сондай ақ, Отырар ауданы, Көксарай совхозының тұрғыны Бекбаев Амантай деген кісі ши есік пен ақ шиді музейге

сыға тапсырған. Киіз үй жиһаздарының бірі болып саналатын ТҚ-1217 нөміріндегі ши есік киізге тігу әдісімен киіз үй есігінің ішкі жағын әсемдеу үшін пайдаланған екен. Бұл ши есіктің тоқылу техникасының композициялық тұрғысы ортасына қошқар мүйіз өрнегін айналасына сызықша, сынық мүйіз, сыртыққа оюлары өрнектеліп, түрлі-түсті бояумен безендіріліп, өз үйлесімін сақтаса. Ал келесі ТҚ-1217 нөміріндегі ақ шидің ешқандай ою-өрнексіз етілімі өзі тоқылған түрі, керегенің сыртынан айналдыра тұтуға пайдаланған. Міне, осындай теңдесі жоқ музей қорындағы баға жетпес ұлттық асыл құралдарымыздың нәтижесінде біздің бабаларымыз кейінгі ұрпақтар үшін қалдырған өнер туындыларын мұра етіп қалдырды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Өмірбекова М.Ш. Қазақ халқының дәстүрлі өнері. Алматы.
2. «Қазақ қолөнері» Каталог. Алматы 2010 жыл
3. Тәжімұратов А. «Шебердің қолы ортақ» Алматы 1977 жыл
4. Арғынбаев Х. «Қазақ халқының қолөнері» Алматы 1987 жыл

ҚАЗАҚ ҚАСТЕРЛЕГЕН ҚАМШЫ

Н. Ырсымбет

«Отырар мемлекеттік археологиялық қорық – мұражайы» РМҚК-ның этнография ғылыми-зерттеу бөлімінің баға ғылыми қызметкері .

Резюме

В данной статье автор подробно пишет о казахском традиционном ремесле. Рассматривается казахское народное прикладное искусство. Расскрываются свойства и некоторые методы обработки изделий из дерева, кожи, в частности кнут.

Resume

In this article the author writes about the kazakh traditional craft. Examined the Kazakh folk applied arts. Revealed property and some methods of processing of products from wood, leather in particular whip.

Қазақ жері мен елі – ежелден жылқының мекені болғаны белгілі. Текті шаруарды біздің бабаларымыздың осыдан мыңдаған жылдар бұрын қолына ұйретіп, түрлі жорықтарға қатыстырып әскердің тұлпары дәрежесіне жеткізіпті. Қашпенділер жылқы арқылы әлемге танылды, өз өркениетін қалыптастырып, Орта Азиядан шығып Еуропа, Египетке дейін барды. Жылқы – қоғамның алғаушы күші болды, ол кездердегі жылқысы көп ел – қазіргі атом қаруы бар елмен бірдей болған.¹ Осы жылқы малын қолға үйретуде ер - тұрман құралдарының орны жоғары болды. Әсіресе қамшының ролі мықты болды.

Қамшы - қазақ халқының байырғы кездегі шаруашылығында, мәдени өмірінде аса кең тараған көлікті айдап жүргізу үшін қолданылатын, таспадан әртүрлі нұсқада түйіп, тобылғыдан, ырғайдан, аңдардың тұяғы мен мүйіздерінен саптап жасаған ежелгі ат айдауыш құралдың бірі, ер тұрманның бір құрамы.

Ата – бабамыздың өмірінде қамшы – өнер туындысы, рухани күш – қуат, сая – сияпат, қатерлі қару, ғұрыптық – магиялық зат, азамат айбыны, шебердің еңбегі, алса қаруы, қалса мұрасы болып саналған. Қамшының өрімі айынан бір жарым еседей ұзын болады. Қамшы құрал болумен қатар қару ретінде қолданылған. Өрімші қамшының таспасын жіңішке не жуандатып,